

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті

Тақырыбы: *Арнайы мектептердегі даму мүмкіндігі шектеулі балаларды оқуға үйрету әдістемесі*

Жоспар:

- 1.МШ балаларды оқуға үйрету әдістемесі
- 2.Оқу дағдыларының қалыптасуы

1. Адамның жүйке жүйесі қоршаған ортамен үздіксіз байланыс процесінде дамиды, оқыту мен тәрбиеде мұғалімнің міндеті – баланың саналы қызметінің формалары мен даму заңдылықтарын білу және сол процеске, белгілі бағыт мақсат көздеп, әсер ету.

Адамның психикалық қабілеті сезім мүшелеріне сыртқы дүниенің ықпал етуі арқылы, сезім мүшелерін жаттықтыру арқылы дамиды.

Мектепке алғаш келген бала ежелеп оқиды, оның көру аумағында бір ғана әріп тұрады, көбінесе қайта – қайта бұрын оқыған әрпіне көз жүгіртіп отырады, әр әріпке жекелеп көз тоқтатады “ **Оқу аумағы**” тар болады. Осының салдарынан олардың оқығанды түсіну дәрежесі төмен. Ал әріпті тану дағдысының қалыптасып жетілуімен қабат баланың “ оқу аймағы, көру” кеңейіп, ол бірте – бірте буындап оқуға, онан әрі тұтас сөзді оқуға дағдымен бастайды. “ Дағды – деп көрсетеді психолог **С.А. Рубенштейн** -, саналы түрде автоматтанған қимыл – әрекет түрінде көрінеді, ал сонан соң әрекеттің автоматтанған тәсілі ретінде қызмет атқарады” Мұндай дағдыға ие болу балаға оңай емес, ол көп күш – жігер жұмсайды, мұнда әсіресе зейіні мен еркі үлкен роль атқарады.

Дұрыс оқудың негіздері алғашқы оқу-жазуға үйрету кезінде-ақ қалана бастайды. Осы кезде мұғалім әрбір жеке сөзді балаларға жеке әріптен оқытпай, буындап оқуға жаттықтырғаны жөн, бірақ мұнда балаларды сөздің сыртқы түрін ғана меңгеріп, мағынасын жаңылыс ұғынудан немесе тіпті түсінбей оқудан сақтандыру керек. Егер бала буындап қателессе, дереу түзетіп, оған қиын тиген сөздерге талдау жасап отырудың дұрыс оқуға дағдылану үшін пайдасы зор.

- Бастауыш сынып оқушыларының оқу сабақтарында жіберетін қателерін топтап көрсетсек, төмендегідей:
- 1. Әріп, буын немесе сөз қалдырып кетіп оқу;
- 2. Кейбір буындарды, сөздерді екі рет қайталап, ежелеп оқитындар;
- 3. Тілі келмегендіктен немесе әдеттеніп кеткендіктен бір әріпті екінші әріппен алмастырып (оңда-оңға, күзет-күжет т.с.с) оқиды.

Сауат ашу кезінде бала бар зейінін жеке әріптерді, буындарды қосып оқуға жұмсайды да, сөздердің арасындағы байланыстарға зер салмайды. Осыған орай, олардың түсініп оқудан гөрі механикалық оқуы басым болады.

Сауат ашу кезеңінде оқушылардың оқу техникасын, меңгеру процесі, қарастырылады. Жыл аяғында олар буындап оқуда тұтас сөз оқуға көшеді.

Мұғалімдер оқушыларды дұрыс оқуға үйрету үшін мынадай жұмыстар ұйымдастырады:

- 1. Оқушыны кітап оқуға жаттықтырып, дағдыландырады. Мұндай жаттықтыру жұмысының түрлері әр қилы. Бірде оқулықтың өзінен әр оқушыға арнаулы тапсырмалар береді; екінші бір жағдайда карточкалар жасап, соларды әрқайсысына оқытып дағдыландырады; енді бірде дидактикалық материалдар пайдаланады т.б.
- 2. Осындай жұмыстарды орындау үйге де тапсырылады.
- 3. Қате оқыған сөздерді буынға оқытады немесе тақтаға буындап жазып көрсетіп, дұрыс оқуды талап етеді, ол сөзге талдау жасайды т. б.
- 4. Қате оқыған сөздерді қайта оқыттырады.
- 5. Қате оқыған жерін сыныпта тыңдап отырған оқушыларға түзеттіреді.
- 6. Жаңылтпаштар айтқызып жаттықтырады.
- 7. Қаламсап қолданады. Бұл зейіндері тұрақсыз немесе көздері нашар көретін оқушылар үшін пайдалы және оқып отырған сөздерінің кітап бетінің қай жерінде екеніне бағыт береді, сөзді дұрыс оқуға көмектеседі.

Оқуға үйретуде әр оқу жылында оқу сабағына қойылатын талаптар күрделене береді: оқушылардың өздігінен орындалатын жұмыстарын белгілеу, оған мұғалімнің үнемі және міндетті түрде басшылық жасап отыруы. Оқушылардың оқыған шығарма мазмұнын қаншалық дәрежеде түсінгенін және меңгергенін т.б.

Сыныпта оқылатын әдебиеттік оқу сабағының негізгі міндеті таныммен, тәрбиені ажыратпай бір процесс ретінде қарай отырып, мектеп оқушыларының саналы саналы түрде қоғам туралы пікірін қалыптастырып, әдеби – көркем шығармалармен танысып, және ғылыми – көпшілік мақалаларын оқып, талдай білуге үйрету болып саналады


Көмекші мектептерде әдебиеттік оқу сабағының жалпы міндеттеріне қоса мүмкіндігі шектеулі балалардың тілдерін түзетуде, жылдам оқып үйренуі, кейбір логикалық ойлау қабілеттері кемістіктерді жоюға, әсіресе болжалған күрделі оқиғалар мен құбылыстардың арасындағы байланыстарды түсіндіріп ретімен, бір – біріне жалғастырып, талдай білуге үйрету мәнерлері де кіреді.

2. **Дағды** – әрекеттің адам бойында орнығуы. Әрекетке ең алғаш кіріскен кезде адам олақ, басы, артық көптеген қимыл – қозғалыстар жасайды. Мысалы, бала оқуға үйрене бастаған кезде қаншама қимыл – қозғалыстар жасайды.


Атақты физик **М.Лауэ** оқу, білім жөнінде айта келіп: «Білім – бүкіл оқығандарың ұмытылып қалғанда, бойыңда сақталатыны», - дейді. Бұл сақталып қалатын не? Ол – әдет, сенім, бағыт, дағды және қабілет – міне, нағыз білім – осылар!

- Қандай да болмасын дағдыға бала басқалармен қарым – қатынас жасау барысында үйренеді. Бала үлкендердің істеген әрекеттерін көріп бақылап, оған еліктейді, кейін оны өзі істей бастайды. Ал оқытуда мұғалім дағдыландыратын әрекеттерін әдейі көрсетеді, түсіндіреді, балалар оның орындалуын бақылайды. Осы процесс, сыртқы әрекеттің адамның бойына сіңіуі, ішкі психикалыққа айналуы – интериоризация деп аталады. Әдістемелік әдебиеттерде оқу дағдыларына толық сипаттама берілді. Ол И.А.Шербакова, В.Г. Грецкий, А.Адамович, С.Рахметова, Т.Әбдікәрімова т.б оқу дағдыларының 4 жағын көрсетті.

Оқу дағдыларының қалыптасуы



Дұрыс оқу



Саналы
оқу



Шапшаң оқу



Мәнерлеп
оқу

- **1.Дұрыс оқу** – сөздің немесе сөйлемнің дыбыстық,сөздің құрамын бұзбай,бұрмаламай оқу деген сөз.Дұрыс оқудың негіздері алғашқы оқу – жазуға үйрету болып саналады.
- **2.Саналы оқу немесе түсініп оқу** – оқушының оқыған мәтінінің мазмұнын оның,терең ұғынуы болып саналады.Бұл әрбір сөздің мағынасын түсінудегі, әр бөлімді логикалық – психологиялық байланыстардан келіп шығады.
- **3.Шапшаң оқу** – мәтіндегі сөздерді қалай болса солай бастырмалатып оқу емес, керісінше сөздердің ара жігін ажыратып, оқығанды түсінетіндей шапшаңдылықпен оқу.
- **4.Мәнерлеп оқу** – дауыс интонациясы арқылы автродың ойын білдіру,мазмұндық екпінін дұрыс қоя білу,оқығанды дұрыс түсіну.

Түсініп оқуда балалардың назары шығарманың идеялық мазмұнына аударылады. Түсініп оқу барысында оқушыларда елес, ұғым, бейне, жоғары сезімдер пайда болады. Түсініп оқуды жүзеге асыруда алғашқы кезде балаларға жеңіл, өздері түсіне алатын, сюжетті текстер оқытылады. Оқушыларды түсініп оқуға дағдыландырудың бірінші әдісі алдын ала дайындық әңгіме өткізу. Екінші әдіс текст оқылмас бұрын бақылау, экскурсия, тәжірибе жасау жұмыстары. Үшінші әдіс түсініп оқуда қорытынды әңгіменің де тигізетін пайдасы мол.



- Шапшаң оқуға жаттықтыру жұмысы барлық сабақтарда да іске асырылып отырылады. Дегенмен шапшаң оқу дағдыларын бекіту үшін арнаулы уақыт бөлу қажет. Мұндай арнаулы жұмыстың түрлерінен мыналарды атауға болады:
- 1. Көз бен кітаптың арасындағы қашықтықты дұрыс сақтау;
- 2. Класста дауыстап оқыту. Мұндай жұмысты орындатқанда мұғалім оқушыларды тақтаға біртіндеп шығарып, әрқайсысын атапсырма береді де, дауыстап оқытады (кейде әрқайсысына әр түрлі текст беруге болады) баланың мүмкіндігіне қарай. Шаршаң оқу оқушылардың сөйлеу мүшелерінің жетілуіне де байланысты. Мұғалім әр баланың сөйлеу мүшелерінің қалай жетілгенін байқау үшін оқушыларға.
- 3. Тексті хормен де, жеке-жеке де оқытып көреді. Айтылуы қиын жаңылтпаштарды қайта-қайта айтқызып жаттықтыру әрі дұрыс оқуға, әрі шапшаң оқуға септігін тигізеді

Мұғалім көбінесе өзі мәнерлеп оқу арқылы оны оқушыларға үйрете алады. Мәнерлеп оқуды магнитофонды кең пайдалану арқылы да үйретуге болады, және рольдеп оқығанда үйретуге болады.

- Мәнерлеп оқуда дикцияның мәні зор. Сөйлеушінің ашық, анық, айқын айтуы сөздің айтқанын ұғуға, оның әсерлі болуына ықпалын тигізеді. Дикциясында ақау болса, оны арнаулы жаттығулар арқылы түзету қажет. Дикциядағы кемшілік - сөйлеу мүшелеріне дұрыс жұмыс істете алмаудың салдары. Сондықтан да сөйлеу мүшелерінің дұрыс қызмет атқыруын қадағалау керек. Мәнерлеп оқу үшін орфоэпия заңдарын сақтап, сөз екінін дұрыс қойып оқуға тиіс.
- Мәнерлеп оқуда зор роль атқаратын - интонация. Интонация дегеніміз сөйлеу сазы. Ол сөйлеудің ритмі мен үнін, даустың бірде жоғарылап, бірде төмендеуін білдіреді. Интонация мына элементтерден тұрады: сөз бен ой екіні, сөйлеудің қарқыны, ритмі (ырғағы), пауза (кідіріс).